

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесінің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 258-НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес оларды орналастыру үшін аландармен қамтамасыз етудің заттай нормалары;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрінің
міндеттін аткарушы

К. Ысқақов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Телефон байланысымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

P/c №	Телефон байланысы түрлерінің атауы	Пайдаланушылар
1	2	3
1	Қазақстан Республикасы ішіндегі қалааралық телефон байланысы	мемлекеттік мекеменің басшысы, оның орынбасарлары; басшының қабылдау бөлмесі; құрылымдық бөлімшелердің басшылары
2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен халықаралық телефон байланысы	мемлекеттік мекеменің басшысы, оның орынбасарлары
3	Алыс шет елдермен халықаралық телефон байланысы	мемлекеттік мекеменің басшысы
4	Қалалық нөмірлермен телефон байланысы	мемлекеттік мекеменің жұмыскерлері – (басшысы, оның орынбасарлары; басшылардың қабылдау бөлмесі; құрылымдық бөлімшелердің басшылары, бас бухгалтер, бас сарапшылар – бір-бір нөмірден, сарапшылар - екеуіне бір нөмір), өзге де жұмыскерлер

Ескертпе:

Аталған телефон байланысының түрі стационарлық телефоннан мобиЛЬДІ байланыс желісіне шалынатын қонырауды да қамтиды.

бұйрығына 2-қосымша

Кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

P/c №	Лауазымның атауы	Жиһаздың атауы	Кеңсе жиһазының саны (1 бірлікке)
1	2	3	4
1	Басшы	Басшының үстелі	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Келіссөздер жүргізуге арналған үстел	1
		Қағазға арналған шкаф	2
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Басшыға арналған кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	6

		Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
	Басшының қабылдау бөлмесі	Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Келушілерге арналған орындық	4
		Кресло	1
2	Басшының орынбасары	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Ұйымдастыру техникасының астына қоятын тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1
		Кресло	1
		Келушілерге арналған кресло	4
3	Күрылымдық бөлімшениң басшысы	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Қағазға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Кресло	1
		Келушілерге арналған орындық	1
		Құжаттарға арналған стеллаждар	1 (3 бірлікке)
4	Мемлекеттік мекеменің жұмыскері	Үстел	1
		Қағазға арналған тумба	1
		Қағазға арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Сырт киімге арналған шкаф	1 (2 бірлікке)
		Құжаттарға арналған стеллаждар	1 (3 бірлікке)
		Келушілерге арналған орындық	1
		Кресло	1

Ескертпе:

Аталған заттай нормалар қосалқы үй-жайларға (келіссөз жүргізуғе арналған үй-жайлар, конференц-залдар, вестибюль, дәліздер, архив) кеңсе жиназын сатып алуға

қолданылмайды, оларға кеңсе жиһазын сатып алу тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

бұйрығына 3-қосымша

Орналастыру үшін алаңмен қамтамасыз етудің заттай нормалары

P/c №	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың ауданы
1	2	3	4
1	Басшының кабинеті	шаршы метр (бұдан әрі – ш.м)	25,0
	Басшының қабылдау бөлмесі	ш.м	10,0
2	Басшы орынбасарының кабинеті	ш.м	20,0
3	Жұмыскердің кабинеті	ш.м	7,5
4	Ортақ үй-жайлар (конференц-зал, архив, серверлік, қойма жабдықтары және басқалар)	ш.м	жиынтығының 25 %-ы
5	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, желдеткіш камераалары, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар және басқалар)	ш.м	жиынтығының 20 %-ы

Алматы қаласындағы Достық үйінің ғимараты

1	Күрілымдық бөлімше басшысының кабинеті	ш.м	25,0
	Күрілымдық бөлімше басшысының қабылдау бөлмесі	ш.м	7,0
2	Жұмыскердің кабинеті	ш.м	7,5
3	Ортақ үй-жайлар (конференц-зал, кино залы, холл, қоймалар, тамақ ішетін зал, асүй, проектор бөлмесі)	ш.м	жиынтығының 25 %-ы
4	Қосалқы үй-жайлар (дәліздер, жуатын бөлме, электр қалқаны, дәретханалар, жеке гигиенаға арналған үй-жайлар, баспалдақ алаңы, тамбур)	ш.м	жиынтығының 20 %-ы

Ескертпе:

Егер мемлекеттік мекемелердің ғимараттарындағы қызметтік үй-жайларды жоспарлау ерекшелігі осы аудандарды қысқартуға мүмкіндік бермейтін жағдайда, қызметтік аландардың заттай нормаларын асыруға жол беріледі.

бұйрығына 4-қосымша

Қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Р/с №	Мемлекеттік мекеменің атауы	Лауазымның атауы	Автомобильдер саны		Козғалтқыш көлемі, текше сантиметрмен алғанда (автобустардан баска)	1 автомобильдің бір айдағы жүруі (километр)
			қызметтік (1 бірлік)	кезекші (оның ішінде автобустар)		
1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі			1	3000-ден көп емес	2600-ден көп емес

Ескертпе:

Аталған заттай нормалардағы қызметтік автомобильдерге арналған жүру лимиті мемлекеттік мекеменің басшысын, мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарын қызметтік автокөлікпен жақын елді мекендерге іссапарға жіберген жағдайлардағы жүруді қамтымайды.